Бекітемін: 
Меңгеруші: Шалабаева Ж.С.
Білім беру ұйымы: Милы бастауыш білім беретін мектебі

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Жоспардың құрылу кезеңі: 3-апта 17-21 қазан 2022-2023 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (**сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет**). | | | | |
| | **Д/О: «Жемістер» үстел үсті ойыны:** **Мақсаты:** берілген үлестірме парақшаларды пайдаланып жемістермен көкеністерді ажырату. **(айналадағылармен танысу-танымдық іс-әрекет)** | **Қ/О: «Ала таяқша»** Мақсаты: шеңберге тұрып таяқшаны қапшыққа салып үй жануарын атайды. **(коммуникативтік қызмет)** | **Д/О: «Тең келетінін тап»** **Мақсаты:** суреттер екі бөлікке бөлініп беріледі, ұқсайтын суреттерді бір-бірімен сәйкестендіру, логикалық қабілетін дамыту. **(коммуникативтік, танымдық қызмет)** | **Д/О: «Арба»** **Мақсаты:** арба ішіндегі аңдарды салыстыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сурет салу-шығармашылық қызмет)** | **Қ/О: «Допты лақтыр»** **Мақсаты:** Балалар шеңберге тұрып, жеміс, киім, оқу-құралдар атауларын атайды. **(айналаңыздағылармен танысу іс-әрекеті** |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу | | | | |
| Таңертеңгі жаттығу | **№3 гимнастика кешені (затсыз)** I. Сапқа, бағанаға салу, қалпын тексеру; бағанада заттардың арасында бір-бірден жүру және жүгіру - жылан; әр бағытта жүру және жүгіру, бір-бірден колоннада жүру. II. Затсыз жаттығулар • «Қол – иық» негізгі позиция, қолды иыққа бүгілген.1-4 - қолдың алға қарай айналмалы қозғалыстары;5 - 8 - бірдей | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сол жақта да солай.<br>• «Еңкейту» аяқты алшақ ұстау, қолды белде ұстау.1- қолды екі жаққа қою;2- оң аяққа еңкейу, қолды тізенің артына соғу;3- түзу, қолды екі жаққа; 4 - рет. Сол аяқ үшін де солай.<br>• «Тізе астынан шапалақтау» арқада жатып, қолдар бастың артында. 1- 2- оң түзу аяқты алға және жоғары көтеру, қолды оң (сол) аяқтың тізе астына соғу; 3 - 4 - і.р.<br>• «Секіру»негізгі позиция, қолды екі жаққа қарай 1 - аяқты алшақ секіру, бастан жоғары шапалақтау; 2 - рет 1-8 санау кезінде 2-3 рет қайталаңыз.<br>III. Бір-бірден бағанда қайта құру.<br>Таңертеңгілік жаттығулар кешені (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары | | | | |
| **Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰҚ)** | Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік) | | | | |
| | **Д/О: «Сызықты жалғастыр»**<br>**Мақсаты**: ұсақ моторикасын дамыту, шапшандылыққа баулу<br>**(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)** | **Құрылыс ойындары «Биік мұнара»**<br>**Мақсаты:** кубиктермен биік мұнара жасау.<br>**(танымдық және коммуникативті іс-әрекет)** | **К/О:«Кім жылдам?»**<br>Мақсаты: есту қабілетін дамыту, не дыбыс екенін ажырату,дыбыстарды шапшаң,жылдам тауып алу | **Д/О:«Көршісін тап»**<br>**Мақсаты:** балаларға заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыруға үйрету, екіге бөлінген пішіндерді бір-бірімен жұптастыру<br>**(математика негіздері – ойын,)** | **К/О:«Хан талапай»**<br>**Мақсаты:** асықтармен қимылды ойын ойнау<br>**(Физикалық дамыту)** |
| **Ұйымдастырылған қызмет** | **ҚР Әнұраны**<br>**1.Сауат ашу негіздері**<br>-дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**1.Ойын:«Дыбысты ата»**<br>Мақсаты:-дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>-дыбыстардың нақты | **1.Математика негіздері**<br>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**1.Д/О: «Нешеу екнін** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>-Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>**Д/О: «Суретті ата»**<br>**Мақсаты:** -Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>-жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Д/О:«Дыбыстар»** | **1.Математика негіздері**<br>-Теңдік туралы түсінік қалыптастыру<br>**Д/О «Салыстыр»**<br>Мақсаты: -Теңдік туралы түсінік қалыптастыру.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>- Өлеңді жатқа, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | артикуляциясын, қалыптастыру;<br>**1.Д/О:: «Менімен қайтала»**<br>**Мақсаты:** дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.<br>**2.Ойын: «Кім жылдам»**<br>**Мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс, анық айтуға балаларды қалыптастыру<br>**3.Қоршаған орта**<br>-Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.<br>**1. «Мен қайдамын?»**<br>Мақсаты: -Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.<br>**4.Дене шынықтыру -** заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.<br>**Қ/О:«Кім шапшаң»**<br>**Мақсаты:** қосалқы қадаммен алға қарай жүру. | **белгіле» ойыны**<br>Мақсаты:<br>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**2.Қазақ тілі**<br>-азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздермен толықтыру<br>**Ертегі «Мақта қыз бен мысық»**<br>Мақсаты: (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздермен толықтыру<br>Жапсыру (интеграция)<br>-Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сынарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану,<br>**3.Көркем әдебиет**<br>- Өлеңді жатқа, | **2.Математика негіздері**<br>-Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш)<br>**Д/О:«Қайссы артық»**<br>**Мақсаты:** - Геометриялық фигураларды (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) таныстыру.<br>**3.Сөйлеуді дамыту**<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, дыбыстардың нақты интонациялық мәнерлігін қалыптастыру<br>**Д/О:«Құстар»**<br>**Мақсаты:** дыбыстардың нақты интонациялық мәнерлігін қалыптастыру<br>**4.Дене шынықтыру**<br>- Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру;<br>**1.Қ/О:** «Аңдардың жүрісін сал».<br>Мақсаты: шектелген үстімен қосалқы | **Мақсаты:**жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**2.Қоршаған орта**<br>-Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.<br>**Қ/О:«Менің көшем»**<br>Мақсаты: -Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.<br>**3.4.Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**Музыка сипатын сәйкес ойын әрекеттерін орындау**<br>Сабантойды тойлаймыз.<br>**мақсаты:**<br>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.<br>**Жасайды:** | мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Д/О:«Қай кейіпкер екенін тап»**<br>Мақсаты: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**2.Қ/О: «Балапандар»**<br>Мақсаты: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Шығармашылық**<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>(құрастыру)<br>Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу (сурет салу)<br>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау).<br>(мүсіндеу)<br>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Д/О: «Күз келді»**<br>**Мақсаты:**Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**4.Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**Музыка сипатын сәйкес ойын әрекеттерін орындау**<br>Сабантойды тойлаймыз.<br>**ҮІӘ мақсаты:**<br>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** карапайым музыкалық терминдерді.<br>**Қолданады:**<br>пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; | дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды.<br>**Түсінеді:**<br>карапайым музыкалық терминдерді.<br>**Қолданады:**<br>пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br><br>**4.Қазақ тілі**<br>егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.<br>**Д/О: «Атауын ата»**<br>Мақсаты: егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, | сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кию, ою, флористика элементтерін) қолдану,<br>**(жапсыру)**<br>**«Адамдар мен жануарлар»**<br>Мақсаты: адам мен жануар пішінін симметриялы, ыңарлы симметриялы, сұлбалықылып жапсыру, құрастыру, сурет салу, құрастыруды үйрету<br>**4.Дене шынықтыру**<br>- скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен<br>(өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою)<br>жүру**Қ/О:«Арқан тартыс»**<br>**Мақсаты:**арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен жүру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тырма, соқа) сөздермен толықтыру. | |
| Серуенге дайындық | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну( ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| Серуен | **Аула тазалаушы еңбегін бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту,<br>аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркемсөз**<br>«Тиме бізге керекпіз»-<br>Деп тұрғандай жарыса.<br>Жапырақты жұлып себепсіз,<br>Сындырмаймыз ағашты.<br>Күз келген соң амалсыз,<br>Жапырақтар түседі.<br>Жинап алып сыпырып,<br>Үй сыртына үйеміз,<br>Жапырақтар бақшаға,<br>Көң болады білеміз.<br>**Сұрақтар:**<br>Аула тазалаушы не істейді?<br>Аула тазалаушыға қандай құралдар қажет?<br>Аула тазалаушы күзде не жинайды?<br>Ол кімдер үшін қызмет етеді?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Тазалық жұмысы кезінде жерден шаң ұшады, ал су сеуіп сыпырса шаң ұшпайды Себебі ылғал шаңның көтерілуіне кедергі жасайды.<br>**Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу<br>**Мақсаты:**<br>Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін | **Саңырауқұлақтарды бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамыту<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жұмбақ:** Басында әсем қалпағы,<br>Көлеңкені сүйеді<br>Орманда болған әр бала<br>Не екенін біледі<br>(саңырауқұлақ)<br>Саңырауқұлақтар жануарларға да, өсімдіктерге де жатпайтын табиғаттың ғажайып бір бөлігі. Оларды екпейміз, отырғызбаймыз. Бүгін кесіп алсаң, орнына ертең өзгесі өсіп шығады. Қайың, шырша, қарағай бар жердің бәрінде саңырауқұлақ болады. Орман шетінде, алаңқайда, сүрлеу жолдарда, орлар мен құлама жарларда да өсе береді. Олардың түрлері өте көп. Саңырауқұлақтар жеуге жарамды және улы болады.<br>**Сұрақтар:**<br>-Қандай саңырауқұлақтарды білесіңдер? (ақ түсті саңырауқұлақ, қайыңқұлақ, моховик, сыроежка, сморчок, қызғылт-сары түсті | **Арнайы көліктерді бақылау**<br>**Мақсаты**:Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту;<br>Сөздік қорларын молайту.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркемсөз**<br>. Үлкен болдым десем де,<br>Ешкім маған сенбейді.<br>«Жалғыз жүрме көшеде,<br>Кішкентайсың сен»-дейді.<br>Үлкенмін ғой міне мен,<br>Ойыншықтарды жинаймын.<br>Машинаға мінер ем,<br>Кабинаға сыймаймын.<br>Сұрақтар.<br>Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер? («Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.)<br>Бұл машиналар не үшін керек? (адамдарға көмектесу үшін.)<br>Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? (зардап шеккендерге көмектесу үшін.)<br>Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? (иә)<br>Неге? (Олар адамдарға көмекке асығады.)<br>Оларды атаңдар. («Жедел жәрдем», өртсөндіру және милиция .)<br>Еңбек. | **Гүл егілген клумбаны бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау;<br>кейбір өсімдіктердің дәндерін шашып, қурап үлгергеніне көңіл бөлу;<br>Күзде гүл ашатын гүлдермен (астра, настурция )таныстыру<br><br>**Бақылау барысы**:<br>**Көркем сөз:**<br>Кешкілік пе, күндіз бе,<br>Өсіп тұрған гүлді үзбе.<br>Туған жерді далаға,<br>Тастай алмай жүрміз бе?<br>Жайнап өсіп далада,<br>Көздің жауын ала ма?<br>Бірде бірін жұлғызба,<br>Қасындағы балаға.<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Гүлдерде күзде қандай өзгерістер болады?<br>Келесі жылы гүлдер өсіру үшін қазір не істеу | **Ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру;<br>қайың мен терек ағашын діңдері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету;<br>ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры);<br>туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу.<br><br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркем сөз:**<br>Үйеңкі, қайың, қарағаш,<br>Самырсын, емен, қарағай.<br>Өседі бәрі аралас,<br>Бақшада өскен баладай.<br>Қаулап өскен ағаштар<br>Жеміс-жидек сайда да.<br>Хош иіске елітіп<br>Тынып қалған айнала<br>Қамқоршы болшы орманға<br>Орманды бәрің қорғаңдар!<br><br>Сұраққа жаап беріңдер:<br>Басқа ағаштар арасынан қайыңды қалай табамыз?<br>Қайың діні қандай? (ақ қара дақтармен.)<br>Қайыңның тағы қандай бөліктері бар? (діңі, тамыры, бұтағы)<br>Ағашқа тамыр не үшін керек?<br>Күзде қайың жапырағының түсі қандай? (сары.)<br>Жазда қандай еді? (жасыл.)(терекпен де осындай жұмыс жүргізіледі) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрметтеуге тәрбиелеу<br>**Қ/О:** «Қармақ»<br>Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу:<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Жүкіру техникасын жақсарту<br>Мақсаты: қозғалыстарын дамыту<br><br>**Мақал: «Еңбек етпеген ішіп-жемейді»** | саңырауқұлақ, түлкішек жеуге жарамды, жеуге жарамсыздар арамқұлақ, мухомор.)<br>Жеуге жарамды және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтардың айырмашылығы неде? (Жеуге жарамдыларды тамаққа . пайдаланады, жарамсыздар улы болады)<br>Саңырауқұлақтардан қандай тамақ дайындайды?<br>(Саңырауқұлақ көжесі, тұздық, оларды кептіруге, тұздауға, маринадтауға болады)<br>**Еңбек:**<br>Аланда тазалық жұмыстарын жүргізу<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге тәрбиелеу<br>**Қ/О:**<br>«Допты басқарушыға бер».<br>Мақсаты: допты екі қолмен қағып алу және лақтыруға жаттықтыру | Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау<br>Мақсаты:Жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу.<br>Қ/О:<br>«Аюлар мен аралар», «Допты бер».<br>Мақсаты:<br>гимнастикалық қабырғамен аяқты алмастыра отырып өрмелеу;<br>допты лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру<br>Жаттығу ойындары:<br>Секіргіш жіппен секіру жаттығулары.<br>Мақсаты; алға, артқа айналдыра отырып секіруге жаттықтыру. | керек?<br>Қандай гүлдер күзде гүлдейді?<br>**Зерттеу қызметі:**<br>Қураған гүлдерді алып, оның сабақтары мен дәндерін қарау.<br><br>**Д/О: «Суреттеу бойынша тауып ал»**<br>**Қ/О:** «Мені ата».<br>Мақсаты:ымдау және қимыл арқылы жанурлар бейнесін жасау қабылеттерін дамыту.<br>«Қояндар мен түлкі».<br>Мақсаты: тез жүкіру дағдыларын дамыту<br>**Жаттығу ойындары:** Бір-біріне доп лақтыру<br>Мақсаты: жылдамдықтары мен ептіліктерін дамыту | Қысқа ең алғашқы дайындалатын қай ағаш? (қайың)<br>**Д/О.** «Аталған ағашта тап». «Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай ұш!».<br>Мақсаты: мәтінге сай қимыл жасауды үйрету, аталған ағашты табу<br>Зерттеу қызметі<br>Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау (айырмашылықтарын атау)<br>**Қ/О:** «Қасқыр қақпан»<br>Мақсаты:<br>Жылдамдыққа, ептілікке баулу<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалысты дамыту<br>Мақсаты: Бөрене үстімен жүруге жаттықтыру<br>**Тыйым сөздер:**<br>**Ағашты кеспе**<br>**Ағаш бұтағын сындырма**<br>**Ағаш жапырағын жұлма** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті) | | | | |
| **Баламен жеке жұмыс** | Дінмұхаммедке өткен қазақша дыбыстарды айтқызу | Нұрисламға сандарды таныстыру | Жалғасқа өткен пішіндерді қайталату | Алматпен түстерді қайталау | Ханшайымға өткен ертегі туралы әңгімелесу |
| **Балалардың өзіндік іс-әрекеті (ұтқырлық ойындары, үстел ойындары, бейнелеу әрекеттері, кітаптарды қарау** | Өз беттерімен кітаптарды көру.<br>Кітапты дұрыс қолдану | Лото ойыны. Сандар кассасы | . Әріптер қассасы | . Фетрден жасалған ертегілерді құрасытыр | Пазлдар құрау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және т. б.)** | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. | | | | |